

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 06 қаңтардағы № 2 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 04 ақпанда № 4388 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 199 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 21.04.2016 № 199 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. Қажановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлан ауданы әкімінің міндетін атқарушы

Келісілді

Ұлан аудандық мәслихатының хатшысы

2016 жылғы "6" қаңтар

Д. Батырбаев

Н. Сейсембина

Ұлан ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "6" қаңтар № 2
қаулысына қосымша

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру,

мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласы мамандарының лауазымдары:
 - 1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының орынбасары;
 - 2) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.
2. Білім беру саласы мамандарының лауазымдары:
 - 1) барлық мамандықтағы мұғалімдер;
 - 2) психолог;
 - 3) тәрбиеші;
 - 4) әдіскер;
 - 5) зертханашы;
 - 6) логопед;
 - 7) дефектолог.
3. Мәдениет саласы мамандарының лауазымдары:
 - 1) директор, басшы;
 - 2) бөлімше басшысы;
 - 3) директордың, басшының орынбасары;
 - 4) сектордың, бөлімнің меңгерушісі;
 - 5) сектор басшысы;
 - 6) барлық аталымдағы суретшілер;
 - 7) аға ғылыми қызметкер, кіші ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер;
 - 8) мұражайдағы бас сақтаушы, қор сақтаушысы;
 - 9) экскурсия жетекшісі;
 - 10) мұражай қараушысы;
 - 11) әдіскер, аға әдіскер;
 - 12) мұрағатшы.
4. Спорт саласы мамандарының лауазымдары:
 - 1) басшы, директор;
 - 2) директордың, басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
 - 3) нұсқаушы, әдіскер-нұсқаушы;
 - 4) аға жаттықтырушы, жаттықтырушы.
5. Ветеринария мамандарының лауазымдары:
 - 1) мемлекеттік мекеменің басшысы және орынбасары;
 - 2) ветеринарлық дәрігер;
 - 3) ветеринарлық эпизоотолог;
 - 4) ветеринарлық паразитолог;

- 5) ветеринарлық терапевт;
- 6) ветеринарлық техник;
- 7) ветеринарлық санитар
- 8) ветеринарлық фельдшер;
- 9) малды қолдан ұрықтандыру жөніндегі оператор.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК